

## Қазақстан халқы Ассамблеясының достық үйлерін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 580 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі бір ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

30

мамырдағы

№

580

қаулысымен

бекітілген

## Қазақстан халқы Ассамблеясының достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы

### 1. Қазақстан халқы Ассамблеясы достық үйлерінің ағымдағы жағдайын талдау, даму үрдістері мен пайымы

#### 1. Ағымдағы жағдайды талдау

Тұжырымдама «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2010 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығына, «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 552 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – Ассамблея) XX сессиясында берген достық үйлерінің даму тұжырымдамасын әзірлеу, олардың мәртебесін бейбітшілік және келісім орталықтары ретінде айқындау, қоғамдық келісім және әлеуметтік бастамалар орталықтары ретінде достық үйлері жұмысының тиімділігін арттыру туралы тапсырмаларына

сәйкес

әзірленді.

Достық үйлері этносаралық қатынастар саласындағы азаматтық қоғамды

ұйыстыруышы функциясын атқара отырып, этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтауда үлкен рөл атқарады.

Бүгінгі күні халықпен жұмыс істеудің нақты нысаны ретінде, әлеуметтік және азаматтық бастамалардың дамуына ықпал ететін негіз ретінде достық үйлерінің қажеттілігі олардың:

этномәдени бірлестіктер үшін ресурстық, мәдени және әдістемелік орталық; бірлік идеяларын қалыптастыру және тарату, этносаралық келісім, қазақстандық патриотизмді насихаттау орталығы, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға, мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге бағытталған басым жобаларға қолдау көрсету жөнінде қаржылай-әдістемелік көмек көрсету орталығы болып табылатындығына негізделген.

Қазіргі уақытта республикада 10 достық үй жұмыс істейді, оның 9-ы – өнірлік және біреуі – республикалық.

Қазақстанда алғашқы достық үйі 1992 жылы Шығыс Қазақстан облысында өз жұмыссын бастады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес алты аймақта (Астана қаласында және Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Манғистау облыстарында) мамандандырылған достық үйлері ғимараттарын салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өнірлердегі достық үйлері әртүрлі құқықтық нысандада жұмыс істейді және әртүрлі басқару органдары бар. Мысалы, бес облыста достық үйлері коммуналдық казыналық кәсіпорын, екеуінде – мемлекеттік мекеме нысанында жұмыс істейді, екі облыста занды тұлғасы жоқ. Бес облыста басқару органы мәдениет басқармасы және бір облыста – ішкі саясат басқармасы болып табылады. Негізінен достық үйлері мәдени-демалыс үйімдары ретінде жұмыс істейді.

Жұмыс істеп тұрған достық үйлерінің қызметіне жүргізілген кешенді талдау үйімдардың мақсаттары мен міндеттері Қазақстанның этникалық топтарының дәстүрлерін, тілдерін, мәдениеттерін сақтау, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді қалыптастыру, Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде этномәдени бірлестіктердің күшін біріктіру бойынша жалпы міндеттерді шешуге бағытталғаны

корсетті.

Қоғамдық-саяси тәжірибе қоғамдық келісім саласындағы әлеуметтік және азаматтық бастамалардың дамуын ынталандыратын азаматтық қоғам институттарын қолдаудың мықты ресурсы ретінде достық үйлерін дамыту қажеттілігін көрсетті.

Республикалық достық үйі – мемлекеттік мекеме нысанында қызмет етеді және Алматы қаласында жұмыс істейді. Достық үйі ғимаратында 29 этномәдени бірлестік, мемлекеттік және ана тілдерін үйрену жөніндегі кабинет, «Достық – Дружба» журналы, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамы орналасқан, мемлекеттік және ана тілдерін үйрену бойынша жексенбілік мектептер жұмыс істейді.

Достық үйінің ғимараты салтанатты қабылдаулар, кездесулер, мәжілістер үшін

арнайы салынған, тарихи және мәдени ескерткіш болып табылады.

Ақмола облысындағы достық үйі Ақмола Ассамблеясы хатшылығының үйлестіруші рөлі арқылы барлық іс-шараларға белсенді қатысады. Ол этномәдени бірлестіктер үшін мәдени және әдістемелік орталық болып табылады. Қызметінің басым бағыттары бірлік, этносаралық келісім, қазақстандық патриотизмді насиҳаттау идеяларын қалыптастыру және тарату болып табылады.

Ғимараттың мамандандырылған достық үйлерінің заманауи талаптарына сәйкес келмейтіндігін ескере отырып, облыстық бюджет қаражаты есебінен жаңа достық үйі ғимараттың құрылышы жүргізілуде.

Жамбыл облысында достық үйі облыстық жастар үйімінде бірлестігінің орталығына және жастар орталығы көшбасшыларының жыл сайынғы Форумының бастамашысына айналды, оның негізінде облыс Ассамблеясы мен үкіметтік емес үйымдардың бірлескен жобалары іске асырудан жүргізіледі.

Достық үйінде қоғамдық келісімді қалыптастыруға азаматтық қоғам институттарын тарту мақсатында әдістемелік кабинет және мұражай, конференц-зал, хореографиялық және оқу сыныптары ашылды. Достық үйі осында өздерінің іс-шараларын өткізетін үкіметтік емес үйымдар үшін ресурстық орталық болып табылады.

Батыс Қазақстан облысында достық үйінің функциясын Батыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының «Жастар шығармашылық орталығы» атқарады, мұнда этномәдени бірлестіктер орналастырылған және әдістемелік көмек көрсету, мәдени-бұқаралық іс-шараларға техникалық қызмет көрсету үшін маман бекітілген.

Шығыс Қазақстан облысында достық үйі этноауыл және үкіметтік емес үйымдармен бірге Шығыс Қазақстан сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай-қорығымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ақтөбе облысында достық үйі базасында этномәдени бірлестіктерден басқа, «Қазақ тілі» қоғамы, 6 жексенбілік мектеп, 8 шығармашылық үжым, 13 үйірме кіретін «Достық» балалар студиясы жұмыс істейді.

Алматы облысында арнайы жоба бойынша салынған достық үйі базасында мықты ресурстық база қалыптастырылған, ол кеңселік үй-жайларды, мәжіліс және конференц-залдарды, дыбыс жазу студиясын, үш хореографиялық залды, мультимедиаалық кабинетті, тілдерді үйрету орталығын қамтиды. Ұлы Отан соғысы ардагерлері кеңесімен, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесімен жұмыстар жүзеге асырылады, мұнда облыстық Ассамблеяның ғылыми-сараптамалық тобы, этносаралық қатынастар мәселелері бойынша жетекші журналистер клубы жұмыс істейді. Достық үйінде жыл сайын әртүрлі форматта 200-ден астам іс-шаралар өткізіледі.

Оңтүстік Қазақстан облысында ресурстық қолдау көрсету функцияларын және әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін достық үйіне жапсарлас ғимарат құрылышы аяқталды, онда 14 кабинет, репетициялық зал және 50-60 орынға арналған шағын зал орналасатын болады.

Талдау қалалар мен аудандар деңгейінде достық үйлері желісінің кеңейгенін көрсетті.

Павлодар облысында Ақсу және Екібастұз қалаларында достық үйлерін салу туралы мәселе қаралуда. Ақмола облысында Степногорск қаласында және Зеренді ауданында достық үйлері құрылды. Батыс Қазақстан облысында көпэтносты Теректі және Зеленовск аудандарында достық үйлері құрылған. Шығыс Қазақстан облысында облыстық достық үйінен басқа қалалар мен аудандарда 8 достық үйі құрылып, бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Осы үрдіс азаматтық қоғам институттарымен жұмыс істеу нысаны ретінде достық үйлерінің қажеттілігін растайды және азаматтық қоғам институттары үшін республикалық ресурстық желіні жасауға, оның әдістемелік, ғылыми-зерттеу және мәдени негізін өсіріп жетілдіруге мүмкіндік береді.

## 2. Түйінді проблемалар

Достық үйлерінің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру саласында қазіргі уақытта мынадай проблемалар бар:

1) достық үйлері мәдениет ұйымдары және объектілері ретінде қызмет етеді, олардың функционалды түрде достық үйлері базасында бейбітшілік және қоғамдық келісім орталықтарын қалыптастыру жөніндегі Ассамблеяның жаңа міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ;

2) достық үйлері мәдениет саласындағы орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдарға бағынысты, шын мәнінде олардың қызметі мен құрылуы Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ идеяларын іске асыруға бағытталғанына қарамастан, олардың Ассамблеяға нақты заңды байланысы мен қатынасы жоқ;

3) достық үйлерінің жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай тәсіл жоқ, олардың мәртебесі бірегейлендірілмеген, олар әртүрлі құқықтық нысандарда жұмыс істейді, тиісінше, ортақ басқару әдістері мен қаржыландыру тетігі жоқ;

4) достық үйлерінің міндеттері мен қызметі бағыттарының бірыңғай түсінігі қалыптастырылмаған, олардың жұмысының бірыңғай алгоритмі жасалмаған, жұмыс тұжырымдамасы мен идеологиясы анықталмаған;

5) қаржыландыру негізін достық үйлерін ұстауға арналған бюджеттен бөлінген қаражат құрайды, этномәдени бірлестіктерді, ғылыми-талдау және ақпараттық жұмысты қолдауға бағытталған қоғамдық маңызды іс-шараларды өткізу бойынша қызметті қаржыландыру нашар жүзеге асырылады;

6) достық үйлерінің нашар материалдық-техникалық негізі, төмен жалақы (қызметкерлер кәсіптерінің беделін төмендетеді және шығармашылық белсенділікке және жер-жерлерде кадрларды бекітуге ықпал етпейді), дәл осы достық үйлерінде жұмыс істеу үшін тәжірибелі мамандандырылған білікті кадрлардың жетіспеуі;

7) ресурс орталықтары ретінде достық үйлерінің жеткілікті әдістемелік қамтамасыз

## е т і л м е у і ;

8) азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылдың белгілі бір деңгейде тарылуы, сол себепті достық үйлері тек этномәдени бірлестіктермен жұмыс істеумен ғана шектеліп отыр.

Достық үйлерін этномәдени бірлестіктердің идеялары мен ауқымды жобаларын іске асыру орталықтары, сондай-ақ мемлекеттік ұлттық саясат саласында Ассамблеяның негізгі стратегиялық құжаттарын түсіндіру және насихаттау бойынша идеологиялық жұмыс орталықтары ретінде құру мақсатында «Қазақстан-2050» стратегиясы» және Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы аясында достық үйлері қызметінің жаңа нысанына байланысты осы саладағы инновациялық әдістерді қолдану қажет, сондай-ақ бейбітшілік пен келісім орталықтары ретінде достық үйлерінің мақсаты мен міндеттерін іске асыруда, Ассамблеяның қызметін қамтамасыз ету тетіктері ретінде оларды институционалдандырудан бірыңғай тәсілді әзірлеу қажет.

### 3. Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері

Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ идеяларын іске асырудың басым құралы ретінде достық үйлері Ассамблеяның негізін қалаушы және Төрағасы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті жанынан, ал өнірлерде – өнір басшылары және өнірлік Ассамблеялардың төрағалары ретінде Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері жанынан құрылуы тиіс деп болжанады.

Осы Тұжырымдама этносаралық қатынастар саласында азаматтық қоғамды ұйыстыру функциясын атқара отырып, этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтауға бағытталған негізгі бағдарлардың жүйелі жиынтығын білдіреді.

Тұжырымдаманың мақсаты жұмысы Ассамблеяның міндеттерін шешуге және оның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған бейбітшілік пен қоғамдық келісім, әлеуметтік бастамалар орталықтары ретінде достық үйлерінің жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай тұтас жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1) Ассамблеяның алдына қойылған міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ету тетігі ретінде достық үйлерінің жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілін, олардың бірыңғай ұйымдық-құқықтық мәртебесін айқындау;

2) барлық деңгейдегі достық үйлері арқылы Ассамблеяның қызметін кепілді қаржыландыруды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін айқындау;

3) Ассамблеяның бейбітшілік және келісім орталықтары ретінде достық үйлері жұмысының негізгі бағыттарын айқындау;

4) бейбітшілік және қоғамдық келісім, өнірлердің әлеуметтік бастамалар орталықтары ретінде достық үйлері инфрақұрылымын дамыту;

5) қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі «Қазақстан-2050» стратегиясы» міндеттерін шешу бойынша қоғамдық келісім саласында этномәдени бірлестіктер мен басқа да азаматтық қоғам институттарының қызметтерін жандандыру;

6) өңір тұрғындарының әлеуметтік маңызды жобаларға, тілдерді үйренуге, шығармашылықты, қоғамдық келісім саласындағы бастамалар мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға қатысуы үшін жағдай жасау.

#### 4. Іске асыру кезеңдері

Ассамблеяның достық үйлерінің одан әрі дамуы мынадай түрде кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады:

1) 2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезең (бірінші кезең) – Ассамблеяның республикалық және өңірлік достық үйлерінің жұмысын ұйымдастырудың, республикалық және өңірлік достық үйлері базасында мемлекеттік мекемелер құру арқылы олардың бірыңғай ұйымдық-құқықтық мәртебесін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілі жасалатын болады. Достық үйі қызметтерінің жаңа бағыттары аясында олардың жұмыстары мен инфрақұрылымдары жетілдірілуде;

2) 2017 – 2020 жылдар аралығындағы кезең (екінші кезең) – «Қазақстан-2050» стратегиясы» және Ассамблеяның (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы аясында Ассамблеяның достық үйлерін одан әрі дамыту жүзеге асырылатын болады.

#### 5. Күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттерін іске асыру арқылы мынадай нәтижелер күтіледі:

1) Ассамблеяның жұмысын қамтамасыз ету үшін республикалық достық үйі базасында Астана қаласында Президент жанынан республикалық мемлекеттік мекеме құруды қамтамасыз ету;

2) 2015 жылдың сонына дейін барлық өңірлерде өңірлік Ассамблея жұмысын қамтамасыз ету үшін Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері жанынан (жұмыс істеп тұрган достық үйлерінің негізінде) мемлекеттік мекемелер құруды қамтамасыз ету;

3) 2015 жылдың сонына дейін Астана қаласында, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында мамандандырылған достық үйлерінің құрылышы аяқтау;

4) Қазақстанның барлық өңірлерінде достық үйлерінің жұмыс істеуін осы Тұжырымдамада айқындалатын қызметтің жаңа бағыттарына бейімдеу;

5) этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғамның басқа да институттарын қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге белсенде тарату;

6) ұлттық-мемлекеттік сәйкестікті нығайтуға бағытталған достық үйлерінің жүйелі жұмыс тәсілдерін қамтамасыз ету;

7) патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты жүйелі жоспарлау және ықпал ету;

8) Ассамблея қызметін ғылыми-талдау және сараптамалық сүйемелдеу үшін жағдай жасау;

9) достық үйлері базасында мемлекеттік этносаясатты іске асыру бойынша

әлеуметтік-мәдени, көптілді, ақпараттық ортаны жасау;

10) азаматтық қоғам институттарының шығармашылық қызметі үшін жағдай жасау, этносаралық қатынастар саласында азаматтық қоғамның әлеуметтік бастамаларын іске ассыру;

11) достық үйлерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз ету.

Тұжырымдаманы іске ассыру республика ауқымында әлеуметтік бастамалар мен қоғамдық келісім орталықтарын құру бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оның жұмысын одан әрі жетілдіру Ассамблея жанындағы достық үйлері директорларының республикалық әдістемелік кеңесі негізінде жүзеге асырылатын болады.

Достық үйлері бейбітшілік пен келісім орталығы, тұрақты және қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды ресурсы болады.

## **2. Қазақстан халқы Ассамблеясының достық үйлерін дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері**

### **1. Достық үйлерін дамытудың негізгі қағидаттары**

Достық үйлерін дамытудың негізгі қағидаттары мыналар болуы тиіс:

- 1) халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы;
- 2) ұлттық бірлікті, Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығын нығайту;
- 3) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылы;

4) Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасында белгіленген Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күштерін жандандыру;

5) «Бірлік саналуандықта» қағидаты бойынша Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттерін, тілдері мен дәстүрлерін жаңғырту, сақтау және дамыту.

### **2. Бейбітшілік және келісім орталықтары ретінде достық үйлерінің негізгі даму бағыттары**

1. Ассамблеяның міндеттерін іске асруды қамтамасыз ету тетігі ретінде достық үйлерінің бірыңғай жұмыс тәсілін айқындау, бейбітшілік және қоғамдық келісім, өнірлердің әлеуметтік бастамалар орталықтары ретінде достық үйлерінің инфрақұрылымын мыналар арқылы дамыту:

1) достық үйлері институтын мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимыл тетігі ретінде нығайту;

2) олардың қызметтерінің барлық деңгейдегі ассамблеялары хатшылықтарына нақты бағыныстырылығын белгілей отырып, Ассамблеяның, облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) Ассамблеясының жұмыс істеуін қамтамасыз ету тетігі

ретінде достық үйлерінің бірыңғай ұйымдық-құқықтық нысанын өзірлеу;

3) эномәдени бірлестіктерді қолдауға бағытталған қоғамдық маңызды іс-шараларды өткізу бойынша қызметті, достық үйлерінің ғылыми-талдау және ақпараттық жұмысын қаржыландыруды қамтамасыз ету;

4) достық үйлерінің үлгілік штаттарын айқындау;

5) материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру және конкурстық негізде мамандарды қабылдау арқылы достық үйлерінің білікті кадр құрамын көбейту;

6) достық үйлерінде қоғамдық келісім кеңестерінің, ғылыми-сараптама тобының және Ассамблеяның қызмет бағыты бойынша басқа да құрылымдардың жұмысын ұйымдастыруды;

7) этномәдени бірлестіктерге қолдауды қамтамасыз ету, достық үйлері арқылы олардың әлеуметтік жобаларын қаржыландыру тетіктерін айқындау;

8) тиісті жергілікті және республикалық ұйымдар мен мекемелерде оқыту және біліктілікті арттыру арқылы достық үйлерінің мамандарын даярлау және қайта даярлау, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда тренингтер мен семинарларға қатысу;

9) Қазақстанда тұратын барлық этностиқ қоғамдастықтар мен топтардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына толық құқылы қатысуына мониторинг жүргізу;

10) этносаралық қатынастарда дау-жанжалдарға жол бермеу және алдын алу бойынша тетіктерді өзірлеуге және іс-шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

11) өнірлердің этникалық қоғамдастықтары мен топтарының еңбек қызметінің дәстүрлі нысандарын (халық кесіпшілігі, қолөнері) дамытуға жәрдемдесу;

12) этносаралық және конфесияларың келісім мен әріптестік, рухани бірлік пен патриотизм идеяларын қалыптастыру және тарату;

13) өнірлерде тұратын барлық этностардың тарихи, мәдени-рухани мұраларын сақтау үйірмелерін, секцияларын, орталықтарын құру, олардың арасында толеранттылық пен өзара құрмет ахуалын қалыптастыру;

14) жастар арасында экстремизмді, насилаудан, әріптестік, ксенофобияны, этникалық және діни төзімсіздікті болдырмау бойынша лекциялар өткізу;

15) этносаралық қатынастардағы оң құбылыстарды, еңбек жетістіктері фактілерін, өмірді құтқару жолындағы ерліктерді, әртүрлі этностиқ қоғамдастықтар мен топтар өкілдерінің арасында қалыптасқан тату көршілік және әріптестік дәстүрлерін, бұрын туындаған этносаралық қайшылықтарды оң шешу үлгілерін насиҳаттауға арналған бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттарды және жарияланымдарды ұйымдастыру;

16) Қазақстан өнірлерінде тұратын этностардың ең үздік дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен жораларын жаңғырту және насиҳаттау бойынша семинарлар, конкурстар, акциялар, ғылыми жобалар өткізу, оларды жас үрпақты тәрбиелеу процесінде пайдалану, Қазақстан халқының біріктіруші құндылықтары мен ортақ тарихы негізінде өзін-өзі тануының артуына ықпал ету.

2. Азаматтардың ұлттық-мемлекеттік бірегейлігін, жаңа қазақстандық патриотизмді

тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан-2050» стратегиясы міндеттерін шешу бойынша этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық келісім саласындағы азаматтық қоғамның басқа да институттарының қызметтерін жандандыру:

Мыналар арқылы азаматтардың ұлттық-мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыруға ықпал ету:

1) ел, облыс, өнір тағдырына азаматтың жауапкершілігі мен қатыстырылғын тәрбиелеу бойынша этномәдени бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастыру және арнайы жоспарлар әзірлеу;

2) қызметі ұлттық-мемлекеттік бірегейлендіруді қалыптастыруға бағытталған азаматтық қоғамның өнірлік институттарын дамытуға ықпал ететін әлеуметтік жобаларды іске асыру;

3) ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, өнірлердегі этносаралық жағдайды талдау бойынша ғылыми-сараптамалық жұмысты жүргізу және ұсынымдар әзірлеу;

4) өнірлердегі этникалық топтардың мұдделерін ескере отырып, мемлекеттік этносаясатқа сенімді нығайту бойынша халықпен жұмыс істеудің жаңа технологияларын әзірлеу;

5) ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру бойынша балалармен, жасөспірімдермен және жастармен жұмыс істеу тәсілдерін әзірлеуде балалар және білім мекемелеріне жәрдемдесу;

6) достық үйлерінің іс-шараларына тарту арқылы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім қағидатын бекіту мақсатында оралмандар мен көшіп-қонушыларды Қазақстанға әлеуметтік бейімдеуге жәрдемдесу.

Мыналар арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал ету:

1) қоғамда, азаматтардың санасы мен сезімінде ортақ патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді, Қазақстанның мәдени және тарихи өткеніне, дәстүріне құрметті бекітуге бағытталған іс-шараларды өткізу;

2) азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздеріне, заңдылығына, қоғамдық және ұжымдық өмір нормаларына құрметпен қарау рухында тәрбиелеу бойынша ақпараттық жұмыстар мен арнайы шараларды ұйымдастыру, адамның конституциялық құқықтары мен оның міндеттерін, азаматтық, кәсіптік және әскери борышын іске асыруды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

3) этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттары өткіzetін қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың патриоттық бағытын күшайту үшін жағдай жасау;

4) өнірлердің экономикалық, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, этникалық, діни толеранттылық, бейбітшілік, сенім мен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу.

Этномәдени бірлестіктерді тілдерді және этнос дәстүрлерін үйрену бойынша әлеуметтік жобаларға тарту үшін жағдай жасау.

Достық үйлерінің қоғамдық келісімді сақтау және дамыту бойынша қызметінің бағыттары, оған қол жеткізу үшін мыналар қажет:

1) мемлекеттік тілді, Қазақстан этностарының тілдерін үйрету бойынша курстарды ұйымдастыру;

2) достық үйлерін және өнірлердің бірыңғай әлеуметтік-мәдени, қоғамдық кеңістігін қалыптастыратын ұйымдардың қызметі мен өзара іс-қимылышының жаңа нысандарын әзірлеу үшін азаматтық қоғам институттарымен тығыз ынтымақтастық орнату;

3) азаматтық қоғам институттарымен бірлескен әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру және халықтың шығармашылық қабілеттерін өздігінен іске асыру және оны қоғамдық қызмет саласына тартуға бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу;

4) Қазақстан этникалық топтарының дәстүрлерін, мәдениетін, тілдерін сақтау саласында мәдени, ғылыми, ақпараттық алмасуды, өніраалық және халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

5) қоғамдық келісімді нығайту бойынша жұмыс үшін ақпараттық ресурстар желісін құру арқылы достық үйлерінің ақпараттық кеңістігін кеңейту.

### **3. Тұжырымдаманың іске асырылуы көзделетін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Міндеттерге мынадай нормативтік құқықтық актілер арқылы қол жеткізу көзделіп отырып :

«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазанды № 70 - IV Заны;

«Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығы.